

ҚР ДСМ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы ҚР ДСМ «Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы» ШЖҚ РМК-де (бұдан әрі – Орталық) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Орталықтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшенің немесе тұлғалардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидағтарын, функцияларын және өкілеттіктерін айқындайды.

3. Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі – Орталық және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін іпкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерттеу;

3) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы – заңмен әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, апуды және тергеу-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

4. Орталық негізгі міндеті осы ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшені немесе жауапты тұлғаны айқындайды.

Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға мүдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметтің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға байқау кеңесінің шешімімен айқындалады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызмет атқарушы органға, Орталықтың лауазымды адамдарына қарамастан өз өкілеттіктерін жүзеге асырады, байқау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметке әдіснамалық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызмет функциясын Орталықтың басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

9. Егер Заңмен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ережеде көзделмеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Орталықтың байқау кеңесі бекітеді.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің мақсаттары, міндеттері, қағида-талаптары, функциялары және өкілеттіктері

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі қызметінің негізгі мақсаты Орталық пен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шараларды іске асыруға мониторинг жасауы болып табылады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің міндеттері:

1) Орталық пен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуы мен болдырмауы құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;

2) Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) Орталықта сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптар мен ең жақсы халықаралық тәжірибелердің сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағида-талаптарының сақталуын қамтамасыз ету.

12. Орталық сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде келесі қағида-талаптарды басшылыққа алады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің тиімділігіне мүдделі болуы;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің тәуелсіздігі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметін жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметін жүзеге асыру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттіліктерін үнемі арттырып отыру.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің функциялары:

1) әзірлеуді қамтамасыз етеді:

Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі іс-қимыл саясатын;

Орталық қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулықты;

Орталықта мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясатын;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандартын;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі іс-шаралар жоспарын;

Орталық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ықтимал бұзушылықтары немесе фактілері туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты; корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін регламенттейтін құжатты;

2) Орталықтағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, оңдеуді, жалпылауды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Агенттігі торағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларына сәйкес Орталықтың қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Орталықтың бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Орталықтың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауға қатысады;

5) Орталықта анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және олардың шығындарын азайту және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторинг жасауды жүзеге асырады;

6) Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) Орталық қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) Орталық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) Орталық ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі құзыретінің шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мүдделер қақтығысын, оның ішінде Орталықтағы жұмысқа орналастыру, сағып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөніндегі шараларды қабылдайды;

13) Орталықта сыйлық беру және алу мәселелерін реттеу жөніндегі шараларды қабылдайды;

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) Орталықта сыбайлас жемқорлық фактілері туралы отіншітер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;

16) Орталықтағы сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) Орталықтың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) Орталықтың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ақпараттың тыңдайды;

19) Орталық басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Орталық қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдарды енгізеді;

20) Орталық қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мүдделер қақтығысын тудырмаса, компанияне, іскерлік этика, орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, Орталықпен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

14. Орталықтың байқау кеңесінің шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі басшысына тағайындау жүзеге асырылады және оның өкілеттік мерзімі, сыйақы мөлшері және еңбекақы төлеу шарттары айқындалады.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметтің басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді.

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі басшысының ұсынымы бойынша Орталық басшысының шешімімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі қызметкерлерінің құрылымы, штаттық сапы (саптық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және еңбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі туралы ереженің негізінде әзірленетін лауазымдық нұсқаулықтармен не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құжаттармен айқындалады және оларды Орталық басшысы бекітеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің басшысы байқау кеңесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің құрылымы мен штаттық кестесі бойынша ұсыныс береді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Орталықтың басқа құрылымдық бөлімшелеріне, ведомстволарға және ведомстволық бағынысты ұйымдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің атынан жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің басшысы қол қояды.

20. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің басшысы мен қызметкерлері компания саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысуы арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі өз қызметінің шеңберінде:

1) Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді байқау кеңесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келін түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан және Орталықтың басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу-тексерулер шеңберінде жазбаға түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) Орталық қызметкерлерінің Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не Орталықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

8) тиісті басшының келісімі бойынша басқа бөлімшелердің қызметкерлерін жоспарлы іс-шараларды орындауға және басшылықтың жекелеген тапсырмаларын орындауға тартады;

9) Орталық қызметкерлерін кәсіби оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларға қатысады;

10) қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастырады және өткізеді;

11) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда Орталықтың мүдделерін білдіреді және/немесе өкілі ретінде әрекет етеді;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі саясатты енгізу және осындай саясат жөніндегі іс-шараларды іске асыру саласындағы негізгі міндеттерді іске асыру үшін, оның ішінде орталық өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарын құрады;

13) қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Орталықтың құрылымдық бөлімшелерімен, мемлекеттік органдармен консультациялар өткізеді;

14) Компанияне саласындағы консультанттардың қызметтерін пайдаланады;

15) қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша құжаттарды қарайды, келіседі, бұрыштама қояды;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Орталықтың ішкі құжаттарына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компанияне-қызметі өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Орталық және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы компанияне функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзшылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де ішкі құжаттарды бұзшылықтар бойынша Орталыққа жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) байқау кеңесін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабарлар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзшылық жағдайлары туралы жеткізеді;

5) Орталықтың белгіленген жұмыс режиміне келергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компанияне-қызметінің қызметкерлері жасамауы керек:

1) олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысу;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысу;

3) құпия ақпаратты жеке мүддесі үшін пайдалану;

4) іскерлік әдеп нормаларын бұзу;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалану;

6) мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысу.

24. Орталық басшылығы жасауы қажет:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттемелерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға қолжетімділікті) қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беру.

25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің Орталықтың құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы жұмыстағы өзара сынайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

26. Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметке мына жолмен жәрдемдеседі:

1) Осы Ереженің 12-тармағының 1) тармақнасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметінің есенгілігі

27. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі Орталықта қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Орталықта қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

28. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі мерзім-мерзімінде байқау кеңесінің алдында есен береді.

Орталық басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

Қорытынды ережелер

29. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Директорлар кеңесінің шешімімен енгізіледі.

30. Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы компания-қызметі қызметкерінің кандидатурасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Өзіндік қауіпсіздік департаментімен келісіледі.